

Қара және түсті металдардың, одан жасалған бұйымдардың, олардың сынықтары мен қалдықтарының қозғалысына мемлекеттік бақылауды күшейту туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 1995 жылғы 31 мамырдағы N 194. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.02.12. N 15 өкімімен. ~R990015

Қара және түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын ұрлау, халық шаруашылығы саласындағы жабдықтарды бөлшектеу фактілеріне жол бермеу, қара және түсті металдардың, одан жасалған бұйымдардың, сондай-ақ олардың сынықтары мен қалдықтарының қозғалысына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында:

1. Экономиканы тұрақтандыру кезеңінде металл сынықтарын өңдейтін кәсіпорындарға қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын мамандандырылмаған кәсіпорындар, басқа заңды және жеке тұлғалар қайдан алғаны туралы құжат ұсынбай қабылдауға уақытша тыйым салынсын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын экспортына рұқсатты тек мамандандырылған кәсіпорындар үшін және облыс әкімдерінің өтінімі бойынша ғана ресімдесін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Министрлер Кабинетінің жанындағы Түсті және қара металдардың тиімді пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекция (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Металл жөніндегі мемлекеттік инспекция) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп қара және түсті металдарды, одан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ олардың сынықтары мен қалдықтарын пайдалануды реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Металл жөніндегі мемлекеттік инспекциясы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және прокуратура органдарымен бірлесіп жабдықтарды бөлшектеу, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын ұрлау фактілерін анықтау жөнінде шаралар қабылдасын және кінәлілер заңда белгіленген жауапкершілікке тартсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Металл жөніндегі мемлекеттік инспекциясының қатысуымен кәсіпорындардың, бірлестіктердің, ұйымдардың қара және түсті металдардың сынығы мен қалдықтары бойынша есеп беруін Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есебінің әзірленіп жатқан стандартына енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Металл жөніндегі мемлекеттік инспекциясына қара және түсті металдарды жинау, дайындау және жөнелту жөніндегі статистикалық есеп ұсынсын.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Металл жөніндегі мемлекеттік инспекцияға жүктелсін.

Премьер-министр